

Халық

20 ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Тәуелсіздік пен бостандық үшін, халықты ғасырлар бойындағы ұйқыдан ояту үшін қос езгіден:

1. Жергілікті патриархатты қ-рулық зорлық-зомбылықтан құтылу үшін күрес бастады.

2. Патша өкіметінің отаршылдық бұғауынан

Зиялылар халықты тәуелсіздік жолына шығарды, білімді, ғылымды, өнерді меңгеруге шақырды.

Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті

Қазақ тілінде оқулықтардың басылып шығуы ұлттық мәдениеттің қалыптасуына үлкен үлес қосты

20 ғасырдың басында 200 кітап басылып шықты

Орыс жазушыларының кітаптары аударылып басылып шықты



С.Торайғыров(1893-1920)

Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі.

Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды.

Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді (“Осы да әділдік пе?”, “Бір адамға”, т.б.). Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты.

▶ Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман (“Қамар сұлу”, “Кім жазықты?”), төрт поэмасын “Таныстыру” (1917 – 18), “Адасқан өмір” (1918), “Кедей” (1919), “Айтыс” жариялады.

▶ Торайғыров “Қамар сұлуда” әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеумметік тұрғыда талдады

▶ “Кім жазықты?” романында ауыл өмірінің шындығын жан-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды.



20-30 ЖЫЛДАРЫ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫ

Қазақ өмірінде
бұл кезең
«ренессанс» деп
аталады



Себебі аз уақыт
аралығында
әдебиет жоғары
дәрежеге жетеді



Сөз шебері
болған жас
жазушылар
пайда болады



*Дос орнына
Ұас кіргізіп Жүрекке,
Бір күндерде
өкініште Жұрменсіз.*

Мағжан Жұмабаев

Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны “хакім” деп атады, ұлы ақынның “*мың жыл жұтса дәмі кетпес*” сөзін жаңа жағдайда ілгері дамытты, Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты.

Жұмабайұлы ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді (“*Шын сорлы*”), халқын өнер-білімге шақырды (“*Ләззат қайда?*”, “*Жазғы таң*”, “*Өнер-білім қайтсе табылар*”, “*Балалық шақ*”, “*Қазағым*”, “*Қарағым*”, “*Осы күнгі күй*”, “*Мен сорлы*”).



ZHARAR

WWW.ZHARAR.COM

«Қойлыбайдың қобызы» ,
«Жүсіпхан» , «Батыр Баян»
 , «Ертегі» поэмалары қазақ
өміріндегі маңызды кезең
мен атақты адамдарға
арналған.



ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ



1858-1931

Адамдық борышың,-

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнамай

Ар сақта оны біл.

Мақтанға салынба

Мансаптың тағы үшін,

Нәпсіңе билетпе

Басыңның бағы үшін.

Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,

Жоба тап, жол көрсет,

Келешек қамы үшін.

Қайтадан қайрылып,

Қауымға келмейсің,

Барыңды нәріңді,


Үйіңге бергейсің,

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,

Шын бақыт-

Осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің!



Ақын әрдайым халықтан қол
үзбейді. Оның
әшкерелейтіні де халық
басындағы кемшілік, мақтан
тұтары да халықтық қазына.

Әр кезеңде жазылған «Бай
мен қонақ», «Партия
адамы», «Ей, көп халық, көп
халық», «Өкінішті өмір»,
«Қазақ», «Насихат», «Тағы
сорлы қазақ», «Қош!»,
«Қош, жұртым» тәрізді
өлеңдерінде ұлтының
басындағы халді
шыншылдықпен бейнелеп
береді.

Оларда сол кезеңнің тарихи
дамуына тән ерекшеліктер
белгі береді. «Қош, жұртым»
атты өлеңінде кәрілік
кезеңіне аяқ басқан
лирикалық кейіпкер -
ақынның өзі халқының
өткен өміріне көз жібереді,
бүгінгіне үңіледі.

Оның қаламынан қазақтың ертеректегі өмірінен алынып жазылған «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» атты поэмалар туындады.« Үш анық»

Философ, тарихшы, ойшыл ретінде танылуына себепкер болған «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектері көзінде жеке-жеке басылып шықты

Шәкәрім ел ішіндегі түрлі әңгіме - аңыздарды жинаумен қатар, Батыс пен Шығыстың әйгілі ғалымдары Әбілғазының, Жүсіп Баласағұнның, Радловтың, Березиннің, Аристовтың, Левшиннің, басқада қытай, араб, парсы зерттеушілерінің еңбектерімен танысады. Оларда айтылатын түрлі топшылаулар мен тұжырымдарды сараптай отырып, шежіре еңбек жазып шығады.

*Көркөм сөз - көңіл тили,
жалан сөз - зейин тили.*




**АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНОВ**
(1873-1938)

«Қырықмысал» деген кітабы (Петербург, 1909) Крылов мысалдарының үлгісімен жазылған туындылар жинағы болып табылады

Крылов мысалдарының сюжеттерін негізге алып, Байтұрсынов оларды қазақ өмірінен алынған мысалдармен толықтырып, еркін аудару арқылы түпнұсқа қазақ мысалдарын туғызған.

Мысалдарда қазақтар арасында таралған кеселдер келемеж етіледі, әлеуметтік әділетсіздік сыналады.

АХМЕТ - МЫСАЛШЫ		
Сюжеті И. А. Крылов өлеңдеріне ұқсас болғанымен, қазақ тұрмысына жақын ойлар айтылады	Ой түйінін беруде қазақ мақал-мәтелдерін қолданады. («Адамның басы-Алпаның добы», «Жазмыштан озмыш болмас», «Болады асыл – таста, ақыл-жаста» т.б.)	Байтұрсынов мысалдары И.А.Крылов мысалдарынан көлемі жағынан да үлкен. («Қасқыр мен тырна» орысша – 19, қазақша – 36 жол, «Ағаш» орысша-31, қазақша – 56 жол, т.б.)



Ахмет Байтұрсынов - өз халқын сүйген патриот

«Сөздің ең ұлысы,
ең сипаттысы – тарих»

«Маса» поэтикалық жинағы (Орынбор, 1911) халықтың ауыр, құқықсыз жағдайына, оны отаршылдықтан азат етуге, дамудағы мешеулікке, надандыққа арналған, екінші жағынан, туынды білімге, ғылымға, мәдениетке шақыру болып табылады.

Реформатор

А.
Байтұрсынов
— қазақ тілінің
реформаторы.
Ол араб
графикасы
негізінде
әліпби жасады.

1912 жылы
басталған бұл
жұмыс 1924
жылы «Жаңа
емле» ретінде
ресми
қабылданды.

Байтұрсыновский алфавит		НТА	Примерное произношение
До 1927	После 1927		
ا	ا	а	а
ب	ب	в	б
پ	پ	р	п
ت	ت	т	т
ث	ث	с	ж
ج	ج	с	ш
چ	چ	д	д
ح	ح	г	р
خ	خ	н	э
د	د	е	с
ذ	ذ	с	ш
ر	ر	г	глубокое (заднее) проточное г
ز	ز	к	глубокое (заднее) к
س	س	к	к
ش	ش	д	г
ص	ص	д	н задненебное, нем. dg в сл. lang
ض	ض	д	л, ль
ط	ط	д	м
ظ	ظ	д	н
ق	ق	д	о
ك	ك	д	нем. ö
گ	گ	д	у
گ	گ	д	нем. в более узкое
گ	گ	д	белор. ǔ, англ. w
گ	گ	д	е
گ	گ	д	и
گ	گ	д	звук типа ы
گ	گ	д	й
گ	گ	д	е приближ. к и
گ	گ	д	знак смягчения гласной «дадлино»



фонетика

❖ «Оқу құралы» (1912)
және «Тіл құралы»

морфология

❖ Әдістемелік сипаттағы
«Баяншы» (1926), «Тіл
жұмсарту» (1928)

синтаксис

❖ Әдебиеттану жөніндегі
тұңғыш еңбек —
«Әдебиеттанытқыш»
(1926)

Міржақып Дулатов (1885-1935)



«Оян, қазақ!» (Уфа, 1909) жинағы — халықтардың проблемалары өткір көтерілетін алғашқы туындылардың бірі.

Ол өз оқырмандарының ойы мен санасына ықпал жасай отырып, олардың назарын әрбір жеке тұлғаның халық алдындағы жауапкершілігіне аударады.

Өз заманындағы қазақ қоғамы өмірінің келеңсіз жақтарын ашып көрсете келіп, М. Дулатов отандастарын жаңа өмірге шақырады, басқа халықтардағы жақсылық жағын үйренуге үндейді, ғылымды, білімді, әйелдердің тең құқықтылығын жақтайды.

М. Дулатов орыс және шетел классиктерінің (Пушкин, Лермонтов, Шиллер, Токай) бірқатар туындыларын аударды. Дулатовтың қазақ көсемсөзін дамытуға да қосқан үлесі баға жеткісіз.



«Бақытсыз Жамал» — уақыты жағынан бірінші жазылған қазақ романы. Онда патриархаттық-рулық ғұрыптар мен соқыр сенімдердің құрбаны болған қыз — Жамалдың ауыр тағдыры суреттеледі.

Сонымен бірге романда туып келе жатқан жаңалықтың өшіп бара жатқан ескілікпен тартысы, жас ұрпаққа өз қарастарының ғасырлар бойындағы негіздерді жақтаушылармен қақтығыстары көрсетілген.

Роман жастардың бойында еркіндік сүйгіш идеялардың туындау үрдісін ашып көрсетуімен де тартымды.

С сейфуллин

Аймауытов

